

The image of a teacher in kazakh and world literature

A.D.Bokhanova¹, G.S.Boken¹

¹Sh.Ualikhanov Kokshetau University, Kokshetau, 020000, Republic of Kazakhstan

The article describes the image of a teacher in Kazakh and world literature. It examines the concept of a teacher and his/her role in society. The author of the paper analyzes researches of Kazakh and world scientists on the subject. The relevance of the study is underlined by the importance of the theme for the younger generation upbringing. The author defines teacher's place in educating young people. The features of a teacher are reflected through fiction. The study analyzes the image of Ibray in Zh .Moldagalieva's work "The Way of the teacher", in G.Kairbekov's poem "The Steppe Bell", the image of Al-Farabi in A.Alimzhanov's work "The Return of the teacher". The works of Sh. Aitmatov "The First Teacher" and T. Kayyypbergenov "Thank you, teacher" were selected for the studies in world literature.

Key words: image of a teacher, literature, Kazakh, world, profession, education, image of Al-Farabi, image of Ibray Altynsarın, prose, poetry, writer.

Received: 24.11.2022

MFTAP 82-1/-29

DOI: 10.59102/kufil/2022/iss4pp52-60

М.К. Нуржаксина¹, Б.С. Шукуманова¹

¹Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ., 020000, Қазақстан Республикасы

ҚАЗАҚ ӘҢГІМЕЛЕРІНДЕГІ ЖЫЛҚЫ ОБРАЗЫ

Қазақ әдебиетінде әңгіме жанры сюжеттік құрылысымен, оқиганы баяндау тәсілімен, жанрлық ерекшеліктерімен, композициялық, құрылысымен, көркемдік жүйесімен дара жанрға айналғаны анық. Бұл шағын жанрдың көлемі шағын, кейіпкер саны шектеулі, сюжетті құрайтын оқиғасы ашылық еткенімен өзекті мәселелерді дөп басып жеткізе алатын ерекшелігі бар. Солайша әңгімеде адам өмірі мен тағдыры, басты қозғалған проблема жинақы беріледі.

Әңгіме жанрында, оның ішінде қазіргі қазақ әдебиетінде жылқы бейнесі көптеп ұшырасады. Жылқы образының қазақ әдебиетінде көптеп кездесуі де бекерден-бекер емес. «Малым – жанымның садағасы, жаным – арымның садағасы» деген көшпелі халқымыз төрт түліктің ең қадірлісі жылқы малы деп білген. Бұл құбылыс халықтың ежелден бастау алған көшпелі тұрмыс салтымен де, мифологиялық, космогониялық дүниетанымымен де байланысты.

Мақалада қазақ әңгімесі жанрында қалам тербеген Мұхтар Мағауин, Нұрғали Ораз, Айзат Рақыш сынды қаламгерлердің әңгімелеріндегі жылқы образы талданып, кейіпкерлер болмысы, мінезі қарастырылды. Талданған әңгімелер аудионұсқада, галамтор бетінде көп оқырманның ыстық ықыласына ие болған туындылар болып табылады.

Кілт сөздер: әңгіме, жылқы, мінез, тартыс, жанр, кейіпкер, әдеби образ.

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Қазақ әдебиетінде өзекті тақырыпқа айнала білген жылқы бейнесін С.Жүнісов, Т.Әлімқұлов, Ә. Кекілбай т.б. қаламгерлер шығармаларына тақырып еткен. Алайда, қазіргі қазақ әдебиетінде соны көзқарас, жаңаша форма, жаңа бағыт, өзгеше сөз қолданысы байқалатыны жасырын емес. Мақалада қазіргі қазақ әдебиетіндегі дарынды қаламгерлер Нұрғали Ораз, Айзат Рақыш шығармаларындағы жылқы образы талданды, салыстыру

жұмысы жүргізілді. Жылқы образының астарында жасырынған қоғам тартысы ұтымды сомдалғаны сөз етіледі.

КІРІСПЕ

Қазақ әңгімесінің тақырыптық аясы мен идеялық-көркемдік өрісі ХХІ ғасырда соны образдар, айшықты тілдік қолданыстармен, жаңа жазу әдістерімен толықты. Соңғы отыз жылда әдеби туындылар қоғам айнасына айналып, әлеуметтік-тұрмыстық мәселелерді, сана өзгерісін, жаңа дәуірдің тынысына бейімделген, алайда өткеннен қол үзе алмайтын ұрпақты бейнелейтін образдарды әкелді. Қазақы дүниетанымның айшығына айналған жылқы образын туындыларына басты нысан етіп алу құбылысы да сирек емес. Оған дәлел ретінде Сәкен Жүсінов сомдаған Құлагер бейнесі, Тәкен Әлімқұловтың Ақбозаты мен Абсенті, Әбіш Кекілбайдың Бәйгеторысы, Есенғали Раушанов бейнелеген **Көкмойнақ**, Фариза Оңғарсынованың арғымақтары, Нұржан Қуантайұлының Керқұла аты, Ұларбек Нұрғалымның Кертөбелі, Маралтай Райымбекұлының мифтік Кентаврын мысалға келтіруге болады.

Жылқы – қазақ дүниетанымында әмбебап сипатқа ие тіршілік иесі. Халқымызда «жылқы мінезді» деп айту әдетке айналған. Ат жақты жігіт ер болады; ат ерінді, жігіт мұрынды келеді; ат – жігіттің қанаты дейді дана халқымыз. Арыстан аң патшасы, жылқы – мал патшасы; жігіттің сорлысын, аттың жолдысы теңестіреді дейді халық мақалы. «Дүние ойлап тұрсаң бір сергелден, жалғыз атың жоқ болса өлгенмен тең» деп айтылады халық әнінде. Жылқыны тілсіз адам, есті жануар, адам мінезді, ал адам баласы жақсы көрген перзентін құлыным деп, тіпті жылқының өзін де қарағым, шырағым деп адам ретінде қадір тұту тек біздің халқымызда қалыптасқан. Жылқының бұлай дәріптелуі мал шаруашылығымен айналысқан көшпенді халықтың өмірінде жылқының орасан зор маңызға ие болуында болса керек.

Ақын, сатирик, атбегі Қажытай **Ілиясұлы** «Қазақ өзін тану үшін, әуелі жылқыны жыға тануы шарт. Өйткені, қазақ тарихы мен жылқы тарихы әу бастан бірге өсіп, біте қайнасқан тарих. Қазақсыз жылқы тарихы, тірілмейді. Бұл екеуі бөлінсе, тарих тамырына зақым келгендіктен, зорлықтан бөлінеді» [1] – деген орынды пікір білдірген жылқы малы жайында.

Ғалым Х.С. Мухамадиев өз мақаласында Т.Әлімқұлов, М.Мағауин, Д.Досжан, М.Қаназов әңгімелері негізінде тұлпар концептісінің көркемдік мағынасын қарастырса [2], М.Мағауин тұлпарлар тағдырын ұлттық таным тұрғысынан шебер жазған суреткер.

Ұшқыр ой, ұтымды оралыммен танылған Нұрғали Ораз шығармашылығы «Соқпақ жол», «Бақыршаның балалары», «Қазығұрт оқиғалары», «Даладан қалаға келгендер», «Биіктегі сұлулық», «Түнгі жалғыздық», «Сиырлы көл» кітаптары арқылы көпке танымал.

Н.Ораз шығармашылығы тақырыптық, сюжеттік тартымдылығымен оқырман қауымды бейжай қалдырмайды. Өзіндік өрнегімен танылған қаламгер жайында жазушы Серік Жанәбіл «Биіктегі сұлулық» мақаласында мынадай пікір білдірген: «Өмірде өзін байқамайтын тылсым сәттерді сезінесің. Гәп – адамдардың ұлттық психологиясында. Біз өзіміздің ұлттық мінезімізді терең түсінбей, басқаға үлгі бола алмаймыз. Нұрғалидың ерекшелігі, оқиғаны өмірдің дәл өзінен ойып алады. Соны әсерлеп оқырманға жеткізеді... Нұрғали Ораз – психолог жазушы. Адам қай кезде болса да өзінің туған елінің тарихын, өмір сүрген замандастарын, қоғамын, сол арқылы азамат тарихын толығырақ түсінеді» [3].

Жылқы образын шебер сомдаған, алғашқы шығармалары жаңа мыңжылдықта баспасөз беттерінде жарияланып, оқырман ықылысына бөленіп үлгерген жас қаламгерлердің бірі – Айзат Рақыш. «Өлгендер қайтып келеді», «Мұз үстіндегі қызғалдақ» атты прозалық жинақтары қызықты, әрі ғибратты туындыларымен танымал болды.

Айзат Рақыштың «Өлгендер қайтып келеді» жинағына Шериаздан Елеуқенов: «Айзат Рақыш әдебиет әлеміне өз даусымен, тың образ, ой стилімен, әлі ауызға түсе қоймаған

оралымдар, айшықтарымен келген мәдениетті жас таланттардың қатарына жатады дер едім» [4] – деген пікір білдіреді.

«Жұлдыз» журналының қызметкері **Зубайда Сахиқызы**, қаламгер жайлы былайша ой қорытады: «Айзат Рақыш – жаңа ғасыр әдебиетінің жаңа шыл өкілі. Ол өз ұлтымен бірге. Халқын мазалаған ойлар оның шығармасына шырақ болып жағылады. Айзат көтерген тақырыптар мәңгі тірі және әрқашан маңызға ие. Ол – оқырманын салмақты ой соқпақтарымен өзінің сыршыл әлеміне жетелей білетін жасампаз жазушы» [5].

Мейірім, достық, махаббат, кешірімділік, адамгершілік, қасиет, қайғы, үлкен жүрек қазақтың қанында болатын тектілік адам мен жануардың үндестігі, шығарманың ішінде жүргендей әсер қалдыратын тартымдылық шығармалардың құндылығын арттырады.

МАТЕРИАЛДАР МЕН ТӘСІЛДЕР

Мәтін анализы, талдау, саралау, салыстыру әдістері негізге алынды.

НӘТИЖЕЛЕР

- Қазіргі қазақ әңгімесінің даму бағыттарын айқындау арқылы ондағы тақырыптық, мазмұндық, көркемдік ерекшеліктерге мән беру;
- Жазушылардың әңгіме жанрын дамытуға қосқан үлесі мен шындықты бейнелеудегі өзіндік қолтаңбасын зерделеу;
- Жекелеген қаламгерлердің қазіргі қазақ әңгімесіне қосқан үлесін, алатын орнын нақты шығармаларды талдау арқылы көз жеткізу;
- Орта буын жазушылары мен жас қаламгерлер туындыларын сюжеттік, тақырыптық тұрғыдан салыстыру.

ТАЛҚЫЛАУ

М.Мағауиннің «Жүйрік» хикаяты бастан аяқ бір леппен оқылады. Классикалық үлгіде жазылған шығарманың алғашқы бөлігі шегіністен басталады. Барлық оқиға кейін көзге түседі. Сюжет бойынша бас кейіпкер Нарқызыл сәйгүліктің соңғы күндері баяндалып, өткен өмірі суреттеледі. Жылқы арқылы қазақ халқының ұлттық мінезі көрініс табады.

Повестте Нарқызылдың баяғыда бәйге аты болғаны, ал енді Семей қаласына етке айдалып бара жатқаны, жылқының алдына түсіп алып, жайылмайтындығы, өзге жылқыларға жайылым бермейтіні суреттеледі.

Қарағанды өңірінің атын шығарып, қазақ еліне даңқы кеткен тұлпар туралы негізгі шығарма бұл – Мұхтар Мағауиннің «Сүркөжек аттың соңғы шабысы».

Автор жүйріктің образын суреттеуі тіптен бөлек: «Шатқаяқтап тұрысы өзгеше, мойны биік, тәкаппар ақбозға көзім түскен. Әуелде өзіне емес, сирағына. Тым жіңішке, қу сүйек қана тәрізді. Тұяғы тік, дөп-дөңгелек, төңкерілген кішкене кеседей. Ал тізесі... шодырайған. Қос жұдырықтай буылтық. Артқы аяқ, тірсегі майысып, көлбеу тұр, лап десе ытқи атылатындай. Омырауы ашық, қолтығы кең, кеуделі екен. Артынан қарадым. Сербегі тайқы. Сиыр құйымшақ, құлан құйрық. Қайтадан алдына шықтым. Жалы сұйқыл, мойны қамшының өріміндей, білеу-білеу. Серек құлақ, қу бас» [6].

«Жүйрік» повесін жазу әлем әдебиетіндегі ат туралы шығармаларды зерделеп оқып, жылқы жайлы тарихи деректерді, қазақ халқының ат жарату, ат баптау жайлы деректерін түгел қамтып қарастырғаны туралы деректі өз мақаласында ғалым Ж.Асанов атап өткен [7].

Ғалым жазушы осылайша қазақ жылқысының төрт мың жылдық тарихын танып, ат үстінде өскен бабалар рухын ой елегінен өткізіп елу беттен тұратын шағын повесті жазып шыққан.

Нұрғали Ораздың «Жылқының көз жасы» әңгімесі қасқа бие мен Абат қарт арасындағы қимастық сюжетіне құрылған. Шығарма Абат қарттың алыстан сағым боп көрінген қасқа биесінің жас дәуренін елестетуден басталады.

...Қасқа бие тү-у баяғы құлын күніндегідей құлдыраңдап, алыстан мұнартып көрінген бір асуды бетке алып, бар пәрменімен заулап барады. Бір ғажабы, шапқан сайын есейіп, жасына жас қосылып, құлыннан тайға, тайдан құнанға, құнаннан дөненге, дөненнен бестіге айналады. Бірақ анау, алыстан мұнартып көрінген асу да ол бауырын жазып, тұяғын сермеген сайын жылыстап, көкжиекке қарай жылжи көшіп, жеткізбейтіндей көрінеді [8].

Автор қасқа биенің жағдайын адам өмірінің соңғы ширегімен параллель суреттейді.

«Е-е, қарттық деген осы екен ғой», дейтін секілді есті жануар көкейіндегісін көзімен ұқтырып. Абат қарт күндегісіндей бір уыс жемді шылап беріп еді, бірақ қасқа бие бүгін оны да жей алмады. Тек иесінің алақанын ақырын ғана иіскеп, көзін жұмды. Сірә, жазмышқа мойын ұсына бастаған-ау. Иә, жануар, «тумақ бар да, өлмек бар». Бұл жалғанда одан ешкім қашып құтылған емес. «Бір күні мен де... – деді Абат қарт іштей күрсініп, – иә, бір күні мен де...» [8].

Жасы жетіп Абат ақсақалдай қарттық жеңген қасқа биенің де демі таусылар шағы таяйды. Соны сезген қарт өз түсінен шошып оянады. Қасқа бие ауырып жатқан сәтте Абат қарттың өзі шамалас құрдасы келіп, жылқының қиналғанына шыдамай бауыздауға кеңес береді. Абат қарт бұл ойдан шошып, туған бауырынан айырылардай күй кешеді.

Айтпақшы, өкпе демекші, жаңа Абаттың жұмбақ тірлігіне түсінбей, “тірі малды арам өлтіреміз бе” деп абдырап қалған құрдасы не ойлап кетті екен. “Бәлкім, мал болған соң, жануарды бауыздау да керек пе еді?..” Жо-жоқ! Абат қарт өз ойынан өзі шошып кетті. Басқасы басқа-ау, қасқа биенің тамағына қайтіп дәті жетіп пышақ салмақ?! Етін қайтіп асып жемек? Сүйегін қайтіп итке тастамақ?! [8]

Әңгіме жылқының жан тапсыруынан аяқталып оқиға желісі артқа айналып, шығарма атауына негіз болған жағдайға тап боламыз. Көзінен жас парлаған жануарын көрген қарт жас балаша жұбатуда әрекет жасайды.

Абат қарт түскі асын ішіп, қораға қайтып келгенде қасқа биенің көзінен тарам-тарам жас ағып, жылап тұрғанын көрді. Ә дегенде абдырап, не істерін білмей дағдарып қалған қарт: «Жануарым-ау, жануарым-ау!.. – дей берді оның арқасынан қағып. Дауысы біртүрлі құмығып, дірілдеп кетті. – Мұның не?! Саған жәбір көрсеткен жеріміз жоқ еді ғой...» [8].

Қасқа биенің жан тапсыруға әзірленген сәті қарияның дүниемен қоштасуындай әсерлі баяндалады.

Қасқа бие қалт-құлт еткен тізесін бүгіп, жатуға ыңғайланды. Абат қарт оның омырауынан демеді. Тақтай еденге бүйірін төсеп, бір қырымен жантая бере жануар кәдімгі кәрі денесін айықпас дерт меңдеген сырқат кісілерше «уһ» деп қинала күрсінді. Абат қарт оның үстіне бір қабат жабу әкеліп жауып, жан-жағын қаусырып, қымтап қойды [8].

Қарт қимас жанын соңғы сапарға шығарып салардай сәтте ауыл сыртына көз салады. Автор осы тұста ұзынсонар жолды тағы бір мәрте қария кейпінде оқырманға танытады.

...Абат қарттың назары ауылдың батыс жағындағы ұзыннан ұзақ созылып жатқан сары белге қарай ауды. Қоңыр күз жапқан боз шекпенінің етек-жеңін қымтанып ап, қалғып кеткен алып қарияға ұқсап қапты... Сары белге қарай апаратын қара жолдың үстін шөп басып, кей тұстарын көзден жасырыпты. “Көпте-е-ен бері бұл жаққа ешкім ат ізін салған жоқ қой”, дегендей құлазып, тіршілік дүбірін аңсап жатқандай... [8].

Келесі тұста автор қасқа биенің денесін күрең атқа жегілген арбаға салып жерлеуге апара жатқан көріністі әкеледі. Күрең ат құлағын қайшылап жан-жағынан үркеді. Қария Күрең атқа қаратып жанды адамша сыңай танытып тіл қатады.

“Біле білсең, бұл сенің – перзенттік парызың, – деді енді онымен мұңдасып, сырласқандай кейіпте. – Әттең, тілің жоқ, әйтпесе бүгін “әжем-айлап” еңіреп жылайтын-ақ күнің!..” [8]

Қасқа биеге қарыздар екенін есіне алған қарт қырыққа таяған шақтағы ауыр күндерді еске алып, жанына шипа болған көк биенің саумалын еске алады. Семей полигонының зардабын автор «жынның ылаңы ғой» деген ауыспалы мағынамен береді.

Абаттың аяқ астынан төсек тартып жатып қалғаны бар емес пе. Бәрі де әлгі Жынның ылаңы ғой. Сол пәле жер бетіне шыққалы бері осындай бір оқыс кесел онды-солды ойран салып тұрған-ды... [8].

Полигоннан құлазыған даланы «жын жайлаған меңіреу өлке» деп суреттейді жазушы.

Ол тек соңымда қалып бара жатқан үрім-бұтағым – ұл-қыздарымның ендігі тағдыры не болмақ деп қамықты ғой. Олар мынау Жын жайлаған меңіреу өлкеде оңы мен солын танып үлгермей жатып жетім қалса... жылап қалса, Абаттың аруағы ана дүниеде қайтіп жай тауып, қалай тыныш жатпақ... [8].

Полигонның зардабынан жаман ауруға шалдыққан Абат шал саумалмен емделеді.

Сол жылы жазда Құдай жарылқап, қасқа бие құлындады емес пе. Әй, бір сүйкімді, әй, бір сұлу құлын туды ғой. Қызыл күрең мап-майда түгі күн көзіне шағылысып, жалт-жұлт етіп тұрды ғой!.. Иә, сол бір сүп-сүйкімді қызыл құлынмен таласып қасқа биенің бір емшегін Абат та емді. Сүттей ішті, саумал күйінде ішті, қымыз қып сапырып ішті [8].

Басты кейіпкер тағдыры қасқа биенің қасиеті арқылы келісіп, ауыр экологиялық ахуал орнаған тұстағы халықтың көпшілігі жынның дертін жынды су арқылы шешкенде ұрпағының ондай дерттен аулақ болып өсіп-жетіліп, тәубесіне келуімен өріледі.

Сол жылдан бастап Абаттың үйінен қысы-жазы қымыз үзілмейтін болды. Соңынан ерген үйелменді-сүйелменді ұл-қыздарының бәрі де Жынның дертінен аман, ақыл-есі бүтін, ойы да, бойы да биік, келісті, келбетті азаматтар болып өсіп, жетіліп жатты. “Иә, шетінен алғыр, шетінен жүйрік, шетінен тұлпар шықты ғой құлындарым. Тіпә, тіпә, тіл-көзім тасқа, тіл-көзім тасқа! – деді Абат қарт шекпенінің жеңіне түкіріп. – Бәрі де ел таныған азамат болды. Тәубе! Бұл тағдырға мың қайыра шүкір!..” [8].

Отбасының тірегіңдей болған қасқа биені жер қойнына тапсырып, қарттың көңілі толқиды.

“Қош, жануар, қайыр-қош! – деді арбаның үстінде өзімен өзі күбірлеп сөйлесіп келе жатқан қарт. – Біз сені өмір бақи ұмытпаймыз. Қайран қасқа бие... Біздің қара шаңырақтың бір тірегі, бір уығы едің-ау!..” [8].

Абат қарт өз қолымен үйген төмпешіктің – қасқа биенің басында біраз кідіріп, үстіне жұққан шаң-топырақты қаққыштап, арбаның жанына қайтып келгенде көрді: күрең ат жылап тұр екен. Тілсіз, үнсіз егілген жануардың көзінен жас парлап, моншақ-моншақ боп үзіліп жатыр екен [8].

Шығарма соңында тағы бір мәрте жылқының көз жасына куә боламыз. Тек бұл қасқа биенің ұрпағы күрең аттың көз жасы еді.

Байқап тұрғанымыздай, автор күрделі экологиялық жағдайда жанына медет, шипа, тірек болған жылқы образын асқан шеберлікпен жан бітіре суреттейді.

Айзар Рақыштың «Көк биенің киесі» туындысы Қанибек пен Таласбай отбасының арасындағы қарым-қатынас, пенделік пиғыл мен іштарлық сезім айналасында өрбиді. Дүние-мүлкі жетерлік, қалағанын жолынан, болмаса қолынан алуға әдеттенген Таласбай Қанибектің тарғыл төбетіне, көк биесіне иелік етуді армандайды.

«– Таласбайдың есіне әлдене түскендей, өзгеде есесі кетіп бара жатқандай қақалашашала сөйледі. – Маған ана төбетіңді сыйла.

– Талас, басқа бірдеңе өтінші. Өзім сонша жерден қолқалап алған күшігімді бере алмаймын.

– Әй, Қани, жаңа ғана қазақ болып бұйымтай сұрап едің. Енді кәпір болып, езуің көпіріп шыға келдің бе?! – Таласбай бірден ашуға басты. Жеті атасының жиғаны қолынан сусып бара жатқандай безек қақты [9].

«Жылқының көз жасы» әңгімесінің желісіне ұқсас өз жылқысымен сөйлесу «Көк биенің көз жасы» шығармасында да бар: «– О, жануар, құлының жас болған соң, ауыл сыртындағы жайылымға да шыға алмай жүрсің бе? Жаздың күні өз аузыңмен жұлып

жемеген шөп шүйгінді болмай жүр ме?!...Биенің мөп-мөлдір жанарынан ана атаулыға ғана тән перзентіне деген алаңдаушылық көрген Қанибек «Иә, сен де анасың,» деп күбірледі. Оның күбірін қостағандай, көк бие басын шұлғып-шұлғып жіберді. Үйіне қарай аяңдаған иесінің соңынан құлынды бие өзі еріп келеді. Ауылдастары осы қасиетіне «Қани төрт түліктің тілін біледі» деп қылжақтайтын [9].

Таласбай құрдасының төбетіне ие бола алмағанына ашуланып құйтырқы әрекетке бармақшы болады. Автор осы сәтті шебер жеткізген: «Ал Таласбайдың менмендігінен туған өкпесі ысқырынған ашуға айналды. Қара түнді жамылып, өз жанын тыныштандырмақ болды. Күндіз өз меншігі болмаған күшік Қанибектікі де болмау керек еді. Сонда ғана көңілі сәл де болса тыншитындай көрінді. Ел аяғы басыла, ұрыдай жасырынып келіп, күшіктің итаяғына сеспей қатыратын у тастады [9].

Таң ата Қанибектің қызы Гүлім Құтжолынан айырылып бала жүрегі ботадай боздайды. Қанибектің есіне бірден күшік сұраған Таласбайдың пиғылы түседі.

Қасқа биесін қадірлеген Абат қарт сияқты Қанибек те күйбең тірліктен шаршаған тұста оңашаланып, көк биесінің маңында байыз табады: «Әйелі тыз етпе ашумен ұзақ-сонар сөйлесе, тысқа шығып кету – Қанибектің сүйексінді әдеті. Өзінің тұңғық ойларын ретке келтіретін мекені-қораға беттеді.

Таласбай мен Қалибек арасындағы тартыс әрі қарай өрби береді. Таласбай Қалидың Құтжолын уландырып, көк биенің құнанына қолқа салады: «– Мен үйір-үйір жылқы ұстасам да, сенің көк биендей жүрістісі жоқ. Ел жорға жарыс болса, сенің көк биенің тұқымдары озады деп бәйгені саған бөктеріп, мақтап отырады. Сен асыраған ит те ел аузында жүреді. Мендегі үш иттің бірін де әңгіме қылмайды. Енді тым болмаса, сол көк биенің бір құнанын қыс бойы жеп шықсам болмай ма?!-Қылғына сөйлеп, ішкі запыранын ашық ақтара салған Таласбайға Қанибек ақыра ұмтылды [9].

Таласбай өз қалыбына сыймай күннен-күнге ыза мен кекке булығып өшпенділік ойлап қоймай, әйелі Әйнек бітеу жарадай сыздаған ауруының үстіне тұз септі: «Мол денелі Әйнектің айтқаны бұның сырқатын қоздыра түсті. – Сен сат деп барғанда, қотыр құнанын қимайтындай, Қанибек кім екен? Бізден артықпын деп отыр ма? Қалада оқитын ұлын айтып, ана Өтештің асында Сәбиланың мақтанбасы бар ма? Алла оларды бір күн асқақтатса, бір күні жерге қаратар!» [9]. Әйнек образы арқылы біздің қоғамда кездесетін әйелдер мінез-құлқын көретініміз жасырын емес.

Нұрғали Ораздың Абат қартындай басты кейіпкеріміз Қанибек сәуегей түс көреді. Қорада тұрған жылқысын өртеген құбыжық Таласбай боларын ол әлі білмеді.

Шарт ұйқыдан оянған Қанибек баласынан айырылған бейбақ ананың зарындай көк биенің дауысын естиді.

Автор А.Рақыш Қанибектің әйелі Сәбиланың зары мен көк биенің кісінеуін психологиялық тұрғыдан параллель суреттеледі: «Бір сәт еңірей жылаған әйелдің зары мен қараңғы қораның бір бұрышында ажалмен дара айқаста қайран қыла алмаған көк биенің төбе-құйқаны шымырлата кісінеген үні астасып кетті. Екеуі де ана зары еді. Қос үнде де ажал өртін айқасқа шақырған қайрат бар-тын» [9].

Ақыры Таласбай дегеніне жетіп, малданбақ болып кер құнанға қолы жетеді. Иесін алдап түсіріп әкелген құнанды кідіртпей, пышаққа түсіреді. Осы жағдайды сезген көк бие биік шарбақтан секірмек болып, өзі мерт болады.

Шығармадағы мейірім мен махаббат құшағында өскен Қанибектің балалары Гүлім мен Асқар көк биенің көз жасына ақыры куә болады: «– Көк бием, мынадай жараңмен қалай жеттің? Ішің жарылып барады ғой. – Гүлім биенің басын құшып, селкілдеп жылап отыр.

– Гүлім, жыламашы, сенің көз жасың көк биеміздің жанарына құйылып жатыр, – деп Асқар қарындасын жұбатпақ болды.

– Жоқ! Биенің өз жасы ол! Көк бие де жылап жатыр! – Даусы тарғылдана шыққан Асхат Таласбайдың үйі жағына жұдырығын түйе қарады. Оның жас аққан жанары Гүлімге түкке тұрғысыз әлдене үшін арпалысқан мына қоғамның айнасындай көрінді.

Автор пайымдауынша, көк биенің көз жасы санасыз қоғам мен мейірімсіз адамның әрекетінен төгілген жас іспетті.

Көк биенің оқиғасы бала Гүлімді бір сәтте есейтіп жіберген: «Сол күнгі оқиғадан соң, балалар тез есейіп кеткендей көрінді. Әсіресе, Гүлім оңаша отырып, ойға бататын. Көк биенің көз жасы оған көп жайтты жан түкпіріне ұялатты» [9].

Ақыр соңында көк биенің киесі жібермей Таласбай ойда жоқта баласы Қанаттан айырылып қалады. Аттан құлап мерт болған баласын терезеден көрген Әйнек те бір мезетте есінен айырылады.

Осы сәтте автор Таласбай есіне кер құнанды қорғамақ болған көк биені түсіреді.

Тәкәппарлық пен менмендік кернеген кеудесін Таласбай бір сәтте түсіріп Қанибектің аяғына жығылып кешірім сұрайды: «– Қаниым-ау, аяшы мені! Кешір мені! Шайтан азғырып, эзәзілдің тіліне ердім! Күшігінді улап өлтірдім... Кер құнанға обал жасадым. Енді ешқашан жылқы етін жемеймін! Кешірші мен сорлыны, Қани-ау! Көк биеге тіккен көзім ағып түссін! Мені кешір де, мына қасіреттен құтқаршы!» [9].

Шығарма Қанибектің пенденің тағдырын пенде шешпейдігін, кешірімді жаратушыдан сұрау керектігін айтқан ойымен аяқталады.

Шығарма сюжетінен байқағанымыздай, көк биенің көз жасы, жылқының көз жасы да басты кейіпкерлер Абат қарт пен Қанибектің өз тағдырымен ұласып жатыр. Авторлардың пайымдауынша, адам жанындағы бітпес жара мен қара уайым жылқы малының көз жасымен жеткізілген.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақ әңгімелеріндегі жылқы образы арқылы қаламгерлер экологиялық, ұлттық, этнографиялық, танымдық мәселелерді қарастырғанын аңғарамыз. Зерттеуде нысанына алынған Нұрғали Ораздың «Жылқының көз жасы», Айзат Рақыштың «Көк биенің киесі», әңгімелері жылқы малының мінез-құлқының ерекшелігі, жануарлар тіршілігі туралы болса, әр шығарманың өзіндік ерекшелігі мен жазылу стилі, баяндау, суреттеу тәсілдері сан қырлы. Бұл біздің қазіргі қазақ әңгімелердегі тақырыптық, идеялық, танымдық қырларының ашылуына айғақ. Сонымен қатар, қазіргі қазақ әдебиетіндегі көркемдік ізденістер оқырманды қызықтырып, ерекше ықыласпен оқуға жетелейді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Илиясұлы Қ. Жылқыны ойласам, жылағым келеді... // Жетісу газеті, 1998, 12 қараша. – б.-2
- 2 Мухамадиев Х.С. Концепт тулпар или «поклонитесь коню». ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы, № 2(132). 2011
- 3 Жанәбіл С. Биіктегі сұлулық // Ана тілі. 29 қыркүйек, 2010 жыл.
- 4 Елеукенов Ш. «Айзат айшықтары» // «Қазақ әдебиеті» газеті, 2016 жыл, №41-42
- 5 Сахиқызы З. // Қазақ әдебиеті. №21, 2018 жыл. 8-14 маусым – 4 б.
- 6 Мұхтар Мағауин. Хикаяттар. 2томдық таңдамалы шығармалар жинағы, 2-том. – Алматы: Жазушы, 1990 ж.
- 7 Асанов Ж, Тілемісова Қ. Ұлттық характер – даралық стиль негізі (М.Мағауиннің «Жүйрік» повесі бойынша) // http://www.rusnauka.com/10_NMIW_2015/Philologia/1_190515.doc.htm
- 8 Ораз Н. Жылқының көз жасы: Әңгімелер мен хикаяттар, эсселер. – Алматы: «Қайнар баспасы», 2012. – 320 бет.
- 9 Рақыш А. Көк биенің киесі. // <https://bilim-all.kz/article/15758-Kok-bienin-kiesi>

Материал 23.12.2022 баспаға түсті

REFERENCES

- 1 Piyasovich K. (1998) 'When I think about the horse, I want to cry...', *Zhetysu newspaper*, 1998, November 12. (In Kazakh).
- 2 Muhamadiyev H. S. (2011) 'Concept tulpar or 'bow to the horse'', *Kaznu Bulletin. Philology Series*, No. 2 (132). (In Kazakh).
- 3 Zhanabil S. (2010) 'Beauty in height', *Native language*. September 29, (In Kazakh).
- 4 Eleukenov Sh. (2016) 'Aizat aishyktary', *Kazakh literature*, No. 41-42(In Kazakh).
- 5 Sahikyzy Z. (2018) 'The owner of a noble thought', *Kazakh literature*. №21, June 8-14-4 p. (In Kazakh).
- 6 Mukhtar Magauin (1990). 'Stories. Collection of 2tomic Selected Works, Volume 2. Writer,. (In Kazakh).
- 7 Asanov zh., Tlemisova K. (2015) 'National character – the basis of the style of individuality (based on the story "Zharrik" by M. Magauin)// http://www.rusnauka.com/10_NMIW_2015/Philologia/1_190515.doc.htm(In Kazakh).
- 8 Oraz N. (2012) 'Tears of the horse: stories and stories, essays'. *Almaty: Kainar publishing house*. – 320 pages. (In Kazakh).
- 9 Rakysh A. (2018) 'Blue mare's Mane'. // <https://bilim-all.kz/article/15758-Kok-bienin-kiesi>(In Kazakh).

Образ лошади в казахских рассказах

М.К.Нуржаксина¹, Б.С. Шукуманова¹

¹Кокшетауский университет им. Ш.Уалиханова, г.Кокшетау, 020000, Республика Казахстан

Очевидно, что в казахской литературе жанр рассказ превратился в отдельный жанр с сюжетным строением, способом повествования, жанровыми особенностями, композиционным, строением, художественной системой. Этот жанр имеет небольшой объем, ограниченное количество персонажей, историю, составляющую сюжет, и может решать насущные проблемы. Таким образом, в рассказе рассказывается о жизни и судьбе человека, о главной затрагиваемой проблеме.

В жанре повести, в том числе в современной казахской литературе, представлен образ лошади. Не зря в казахской литературе встречается образ лошади. Наш кочевый народ, считал лошадь священной. Это явление связано как с древним кочевым образом жизни населения, так и с мифологическим, космогоническим мировоззрением.

В статье был проанализирован образ лошади в рассказах таких писателей, как Нурғали Ораз, Айзат Рақыш. А также были рассмотрены характер персонажей. Рассказы данных авторов уже завоевали восторженные отзывы многих читателей и слушателей аудиоверсий произведений.

Ключевые слова: рассказ, лошадь, образ, жанр, персонаж, литературный образ.

Материал поступил в редакцию журнала 23.12.2022

Image of horses in Kazakh stories

М.К. Nurzhaxina¹, B.S. Shukumanova¹

¹Sh. Ualikhanov Kokshetau University, Kokshetau, 020000, Republic of Kazakhstan

In Kazakh literature, the genre of fiction (short stories) has become a separate genre with its plot construction, method of storytelling, genre features, and compositional, construction, and artistic system. The main features of the genre are small size, limited number of characters, and the plot covering vital problems. Thus, the theme of a story is a life and a fate of a person, with its complications.

In the genre of fiction, including modern Kazakh literature, the image of a horse is widely represented. A horse often appears in Kazakh literature for certain reasons. Kazakh nomadic

people, who say: "malym is the SADAG of my soul, zhanym is the SADAG of my soul", considered horse one the most valuable animals. This phenomenon is associated both with the ancient nomadic lifestyle of Kazakh people, and the mythological, cosmogonic worldview.

Key words: story, horse, image, struggle, genre, character, literary image.

Received: 23.12.2022